

Үкімет еліміздің астық саласын қолдауға 40 млрд теңге бөлді

Мемлекет басшысының тапсырмаларын жүзеге асыру шеңберінде Үкімет ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолдау үшін резервтен 40 млрд теңге бөлді. Тиісті қаулыға Премьер-министр Олжас Бектенов қол қойды.

Қаражатты көктемгі егіс жұмыстарының сапалы жүргізілуін қамтамасыз ету, 2025 жылдың өнімін қабылдау үшін астық қоймаларын босату, қазақстандық астық экспортының бәсекеге қабілеттілігін арттыру, сондай-ақ жаңа өткізу нарықтарын игеру сияқты кешенді міндеттерді шешуге бағыттау жоспарланып отыр.

Өздеріңізге белгілі, 2024 жылы елімізде дәнді дақылдар бойынша 25,2 млн тонна көлемінде рекордтық өнімі жиналды. Жоғары өнімділікке агротехнологияны дұрыс қолдану нәтижесінде және қолайлы ауа райының арқасында қол жеткізілді.

Сонымен қатар ішкі нарық сұранысы шамамен 10 млн тоннаны құрайды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2024 жылы ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің бірінші форумында атап өткендей, Қазақстанның дәнді дақылдар бойын-



ша экспорттық әлеуеті 12 млн тоннаны құрайды. Бұл – ауқымды көлем және үлкен жауапкершілік. Үкіметтің басты міндеті –

шаруаларға өз өнімдерін шетелдік нарықтарда өткізуде жан-жақты қолдау көрсету.

Бүгінде бұл экспорттық әлеуеттің 10 млн тоннасы бағыттары әзірленген дәстүрлі өткізу нарықтарына, ал 2 млн тоннасы алыс бағыттар мен жаңа нарықтарда сату үшін жөнелтілді.

Осылайша, тасымалдау шығындарын азайтуды субсидиялау шаруаларға астықты жаңа нарықтарға дер кезінде экспорттауға және астық қоймаларын жаңа өнімге дайындауға мүмкіндік береді.

Естеріңізге сала кетейік, соңғы деректер бойынша 2024 жылдың қыркүйегінен сәуір айына дейін астық экспорты 6,9 млн тоннаны құрады, ол 2023-2024 жылдардың ұқсас кезеңінен 54%-ға артық.

Бүгінде Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Ауғанстан экспорттың дәстүрлі бағыттары саналады. Иран мен Әзербайжанға жеткізу көлемі ұлғайды. Транзиттік жолдар Ресей, Латвия, Литва, Эстония, Әзербайжан, Грузия, Түркіменстан және Қытай аумақтары арқылы өтеді.

primeminister.kz

Ақмола облысында су тасқынының белсенді фазасы аяқталуда

Ақмола облысындағы су тасқынының белсенді фазасы аяқталуда. Су тасқыны кезеңі басталғалы жергілікті атқарушы органдар мен Төтенше жағдайлар министрлігінің аумақтық бөлімшелері 2 миллион текше метр су сорып шығарды, 200 мыңнан астам қап төселді, сондай-ақ бөгеттерді нығайту үшін 3 мың тоннадан астам инертті материал пайдаланылды.

Айта кету керек, ауа температурасының күрт жылуы мен аймақтағы жауын-шашынның су тасқынына әсер етті, әсіресе Бұланды ауданында жағдай күрделене түсті.

Қазгидромет мәліметі бойынша, қысқа мерзім ішінде жауған жауын-шашын мөлшері бір жарым айлық норманың 170%-ын құрады. Бұл су қоймаларының тез толуына әкеліп, су өткізу жүйелерінен артық су тасуына себеп болды. Су тасқынының салдарын жою бойынша жедел шаралар қабылдады, және бүгінгі таңда халықтың тіршілігіне қауіп төнбейді.

Облыстың басқа өңірлерінде, су тасқынына қарсы іс-шаралар кешенін жүзеге асыру нәтижесінде су басу қауіпі барынша азайтылды немесе толығымен жойылды. Дегенмен, жыл сайынғы су тасқынының салдарынан 8 ауданның 24 елді мекенінде көлік қатынасынсыз қалып отыр. Бұл ауылдарға қажетті дәрі-дәрмектер мен азық-түлік жеткізілді, тапшылық байқалмайды.



Сондай-ақ, уақытша жол белгілері қойылып, тәулік бойы бақылау постары жұмыс істейді.

Су тасқынымен күреске 500-ден астам адам, 300 бірлік техника, 55 мотопомпа және 16 су көлігі тартылды. Сонымен қатар, Қорғаныс министрлігінің гарнизондарынан, Астана қаласы мен Қарағанды облысынан, сондай-ақ Ақмола облысының аумақтық қорғаныс бригадасынан күштер мен құралдар тартылды.

Жалпы, жағдай бақылауда, су тасқынына қарсы іс-шаралар жалғасуда.

[Ақмола облысы әкімінің ресми сайты.](http://bulandy_audanyyn_akimdigy.kz)

Завершена активная фаза паводка в Акмолинской области

В Акмолинской области проходит активная фаза паводка. С начала паводкового периода силами местных исполнительных органов и территориальными подразделениями МЧС откачено порядка 2 млн кубов воды, уложено свыше 200 тысяч мешков с песком, а также для укрепления имеющихся обвалований использовано более 3 тыс. тонн инертного материала.

Отметим, что потепление и проливные дожди в регионе ожидаемо подтолкнули паводковую волну, в частности в Бұланды ауданы.

Согласно прогнозу Казгидромета, объём выпавших осадков в течение короткого времени составил 170 процентов месячной нормы. Это способствовало быстрому заполнению водоёмов, что привело к переливу водопропускных систем. Были оперативно приняты меры по ликвидации

переливов, и на сегодня угроза жизнедеятельности населения полностью отсутствует.

В других районах области, благодаря реализации комплекса противопаводковых мероприятий, минимизирована или полностью исключена опасность подтопления населённых пунктов.

Однако, вследствие ежегодных переливов на автомобильных дорогах без транспортного сообщения остаются пока ещё 24 населённых пункта в 8 районах. Для нормального жизнеобеспечения в селах направлено достаточное количество медикаментов и продовольствия, дефицита не наблюдается. Выставлены временные дорожные знаки и круглосуточные посты наблюдения.

Всего на борьбу с водой в аварийно-спасательных работах задействовано порядка 500 человек, свыше 300 единиц техники, 55 мотопомп и 16 плавсредств.

Дополнительно привлечены силы и средства гарнизонов Министерства обороны, города Астана, Карагандинской области, а также бригада территориальной обороны Акмолинской области.

В целом, ситуация находится под контролем, противопаводковые мероприятия продолжают

[Официальный сайт акима Акмолинской области.](http://bulandy_audanyyn_akimdigy.kz)

В районе начали восстанавливать дороги

В результате паводков 2 апреля произошел перелив реки на участке въездной автодороги в с. Караозек, ширина перелива составила 15-20 м., глубина 15-20 см. Акиматом Караозекского сельского округа выставлены запрещающие знаки об отсутствии движения.

В настоящее время идут восстановительные работы на данном участке.

«На месте перелива реки организовано круглосуточное дежурство сотрудников отдела полиции. Так как это явление носит сезонный характер, мы заранее произвели завоз необходимых продуктов питания и медикаментов. Сейчас ситуация стабилизировалась, восстанавливаем дорогу», - отметил аким Караозекского сельского округа Абзал Молдаспаев.

Отметим, в целом по району из-за паводков были переливы рек на 13 участках дорог. В настоящее время работы также ведутся на въездной дороге села Ивановка, где произошел перелив реки Жолболды.

[bulandy_audanyyn_akimdigy.](http://bulandy_audanyyn_akimdigy.kz)



РЕДАКЦИЯ ПОШТАСЫНАН – ИЗ ПОЧТЫ РЕДАКЦИИ

На совместном партийном заседании



Согласно протокольному поручению Комитета партийного контроля партии «AMANAT» состоялось совместное заседание Бюро политического совета и Комиссии партийного контроля при Буландынском районном филиале партии «AMANAT». На заседании рассматривался отчет представителей местных исполнительных органов о реализации и работе по устранению рисков неисполнения мероприятий Дорожной карты по исполнению Предвыборной программы партии «AMANAT» «Вместе с народом!» на 2023-2027 годы по Буландынскому району, а также отчет члена депутатской фракции закрепленного за пунктами Дорожной карты по исполнению Предвыборной программы партии «AMANAT» «Вместе с народом!» на 2023-2027 годы по Буландынскому району.

По всем вышеуказанным вопросам приняты решения и вынесены рекомендации.

Буландынский районный филиал партии «AMANAT».

Ұлы Абай мұралары – халық қазынасы

Есіме еріксіз орала-тын бір жәйт бар. Соғыс қарсаңында дүниеге келген құрбы-құрдастарымның балғын балалық шақтары әлемге алат әкелген ауыр соғыс жылдарымен сәйкес келді. Бүлінген халық шаруашылығын қалпына келтіру қиындыққа толы жылдарды солармен бірге өткергенім өмірімде ұмытылмайтын кезең болды.

Туған «Қараөзек» ауылымыздан қан майданға жиырмаға жуық адам аттанып, Б. Сапаров, Қ. Рахимов, Б. Мұратов, Д. Мұқанов, С. Еңсебаев, З. Шәкіров, Ф. Сағадиев, Ж. Тасымов жеңіспен елген оралған соғыс ардагерлерімен соғыс балалары апатты жылдар салған қасіреттен арылуға аянбай ат салысты.

Ауылдағы бастауыш мектепті бітірген жасөспірім балалар күзгі және қысқы жыл маусымдарының қиындығына қарамай, жаяу қатынап, қаламыздағы байырғы оқу орындарының қара шаңырағы атанған аралас № 1 орта мектепке оқуларын жалғастырды.

Аталған білім ордасында терең білімді, өз мамандығының шеберлері, Ұлы Отан соғысының ардагерлері Ж. Мизамов, Қ. Сейлиев, П. И. Черненко, С. Я. Марченко, К. Г. Султанов және баршамыздың сүйікті әрі мейірімді апайларымыз Б. Жабағина, Б. Айнабекова, Ә. Мамырбаева, бастауыш сыныптың ұлағатты ұстаздары М. Оспанбекова, М. Султанова жас ұрпақты оқытып-тәрбиелеуде тер төгіп, еселі еңбек өткерді. Ерекше атап өтетін жағдай есте қалыпты. Қарағанды қаласындағы педагогикалық институтының физика-математика факультетін қызыл дипломмен тәмамдаған С. Султанбеков және Қ. Ташимов сабақтарын өте қызықты, тартымды әрі әсерлі өткізетін. Көкемті емтихан кезінде күрделі, қиын есептерді жылдам шығару үшін оларды басқа тілді мектеп мұғалімдері көмек көрсетуге шақыратын. Аудан бойынша математика пәнінің үздік мамандары ретінде Целиноград ауыл шаруашылық институтының қабылдау емтихандарын өткізуге қатысатын.

Қазақ орта мектебінің түлектері: тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР гуманитарлық академиясының академигі, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Т. С. Көлбаев, Қарағанды педагогикалық институтының ғылыми қызметкері А. Ахметов, ауданымыздың денсаулық саласының тізгінін жыдар бойы ұстаған кәсіби дәрігер және білікті басшы Ф. Қ. Сәдуақасов, аудандық ауруханасының хирург дәрігерлері Ә. Мусин, К. Зекенов. Бұл азаматтар, өкінішке орай, өмірден өтті, бірақ жерлерінің құрметіне мәңгі ие. Атақты түлектеріміздің ішінде бүгін зейнеткерлікке шығып, жастарға үлгі болып отырған кісілер де бар: Республикалық қант аурулары медициналық орталығының бас маманы, дәрігер М. Тіржанова; Қарағанды облысы Сарань қаласындағы педагогикалық



колледждің ұстазы Г. Жүсіпбекова; ауданымыздың Құрметті азаматы белгісінің иегері М. Адентаев; аудан әкімінің бұрынғы орынбасары О. Смағұлов, ауданымыздың белсенді азаматы, аудандық газеттің он жылдам астам басқарған редактор Т. Дюсенбай; бизнесмен Ж. Жақыпов; ішкі істер бөлімінің қызметкері Т. Сыздықов және осы мақаланың авторы, тағы да басқа халық шаруашылығының әр саласында қажырлы істерімен айтарлықтай із қалдырған еңбек адамдары.

Бүгінгі Балуан Шолақ бабамыз атындағы мектеп-лицейінің ұстаздар ұжымы бұрынғы аға толқын майталман маман педагогтардың игі істерін еселеп, лайықты жалғастыруда.

Жылдық оқу жоспары еліміздің «Білім беру» Заңына сәйкес оқу-тәрбие жұмысы әржақты талқыланып жасалды. Жоспарлы жұмыс шәкірттердің оқып, жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасауға бағытталған, – дейді мектептің оқу ісі жөніндегі меңгерушісі Толқын Қадырқызы Нурмуқанова.

Өткен оқу жылында бірнеше ұстаздар оқу-тәрбие жұмысын жүргізудің жаңаша әдістемелік түрімен өткізудегі кәсіби шеберліктері үшін аудан, облыс бойынша өткізілген конкурстардың жеңімпаздары ретінде мақтау грамоталар және сертификаттармен марапатталып, еселі еңбегі ескеріліп, математика пәнінің мұғалімі Еңлік Хасихан 2023 жылдың «Үздік педагог» атанды.

Мектептің календарлық жұмыс жоспарына сәйкес пән мұғалімдері жас ұрпақты дала данышпан ақыны Ұлы Абайдың әдеби-поэзиялық мұрасы негізінде оқытып, тәрбиелейді. Сонымен қатар Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80-жылдығына орай іс-жаралар өткізілуде.

Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Жанар Теңсел және мектептің тәлімгері Шолпан Шайтекей сабақ сабақ өткізу процессінде ақын Абайдың әдеби мұралары арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін жетілдіру және оқушылардың қызығушылығын арттыруға ерекше көңіл бөлуде.

Бастауыш сыныптар арасында Абай оқулары нәтижелі өтті. Оқушылар ақынның өлеңдерін, қара сөздерін жатқа айтып,

әндерін орындаудан сайыс өткізіп, орта және жоғарғы сынып оқушылары арасында өткізілген сайыста өлеңнің және қара сөздердің мән-мағынасын ашып, талдай білу дағдысы және ұлы Абайдың әндері мен күйлерін орындау шеберлігі бағаланып, 10 сынып оқушысы Лашын Қайырбек ақын өлеңдерін жатқан оқудан аудан бойынша жүлдегер атанып, облыстық сайысқа қатысуға дайындық үстінде.

Үшінші тоқсанда Ұлы Жеңістің 80-жылдығына арналған «Қазақ халқының батырлары», «Соғыс туралы оқылған кітабым» акциясы, Бауыржан Момышұлы жәйлі тарихи естеліктер өткізу, тарихи тақырыпқа эссе, шығарма жазу, Отан қорғаушылар күніне арналған спорттық шаралар және «Жеңіс сарбаздары» атты саптық ән байқауына дайындық іс-шаралары жүргізілуде.

Мектепте «Біз есірткіге қарсымыз», «Бақытты балалық шақ» акциялары мен апталықтар өткізіліп, «Ауған соғысы ардагерлерімен кездесу» сағаттары, «Бұрымды қыз» байқауы, «Аналар – асыл жандар» аналар сайысы, «Алғыс айту күні», «Халықаралық әйелдер күні», Наурыз мейрамы мерекелеріне орай қызықты іс-шаралар жүргізіліп, полиция инспекторы оқушылармен қоғамдық тәртіпті сақтау жайында әңгіме өткізді.

Оқушылар спорттық сайыстарға қатысып, Ақмола облысы чемпионатында қыздар арасында Махамбет Кәусар екінші разряд, Кенжебек Ерали, Қадір Али, Хуанған төртінші разряд нормасын иеленді. Мектеп оқушылары робототехникадан халықаралық олимпиадаға қатысып, Бекзан Абдурахман Туркияда өтетін Халықаралық турнирге жолдама ұтып алды, жетекшісі Бекзан Байсұлтанбек.

Оқушыларға терең білім және әржақты тиянақты тәрбие беру еліміздің өркендеп, дамуының кепілі. Осы бағытта ұлы ақын Абайдың әдеби-поэзиялық шығармаларының нәрін жас буын бойына қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар білім беру ордасында жалғаса беретініне сенім білдіреміз.

Т. ЖҮСІПБЕКОВ, білім саласының ардагері.

Ақмола облысың судьялар корпусы жаңа судьямен толықты

2025 жылдың 19 наурызында Ақмола облыстық сотының төрағасы Арман Жукенов жалпы отырыста судьялар корпусына облыстың жаңа судьясын таныстырды. Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 13 наурыздағы Жарлығымен Есқара Әлімжан Аманкелдіұлы Ақмола облысы Буланды аудандық сотының судьясы лауазымына тағайындалды.

Әлімжан Есқара Ш. Уалиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетін құқықтану мамандығы бойынша бітірген.

2014-2025 жылдар аралығында Ақмола облысының аудандық соттарында қызмет атқарған.

Буланды аудандық соты.

Судейский корпус Ақмолинской области пополнился новым судьей

19 марта 2025 года председатель Ақмолинского областного суда Арман Жукенов на пленарном заседании представил судейскому корпусу вновь назначенного судью области. Указом Президента Республики Казахстан от 13 марта 2025 года Есқара Әлімжан Аманкелдіұлы назначен на должность судьи Буландынского районного суда Ақмолинской области.

Есқара Әлімжан окончил Кокшетауский государственный университет имени Ш. Уалиханова по специальности - юриспруденция.

С 2014 по 2025 год работал в районных судах Ақмолинской области.

Буландынский районный суд.



Даңқты сазгер-жауынгер Рамазан Елебаевтың ескерткіші жанындағы ой-толғау



Қазақы бұзылмаған бал қаймағы,
Құдықағаш ауылым шалғайдағы,
Оранған қойнауына ну орманның,
Жасыл желек өңірі-жайған бағы.

Құрмет керек білеміз ондай жаңа,
Ерліктері аңызға айналған ба?
«Жас қазақ» деп әнімен ұрандатқан,
Рамазан еді ғой қан майданда.

Жарылыстан кеткендей құлақ тұнып,
Жас қазақ атойлады құлап тұрып.
Көзі көріп ерлігін Тоқтаровтың,
Қанды кезін суарды жылап тұрып.

Кеткен жоқ сұм соғысқа бұлар ғана,
Жай түскен алып емен құлар дара.
Рух болып оралды қан майданнан,
Қайсарлығын ұғар ел, ұғар дала.

Жас қазақ боп жатыр сол төбесінде,
Өршіл рух өшпепті сенесің бе.
Мұражайда ескерткіш тіл қатпайды,
Ал ерлігі мәңгілік ел есінде.

А. БЕЙСЕКЕЕВ.

БІЛІМ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯ

ЖАПОН ЖҰРТЫНАН ҮЙРЕНЕРІМІЗ КӨП

Қадау-қадауғасырлардан бергі бабалардың үмітін жалғасан көшелі ұрпақтың жаңа заманда ғылым мен білімге ынтызар болуы да заңдылық. Тағылымды жұртпен тереземіз теңесу үшін ең алдымен бізге керегі ғылым. Сол үшін де ұлы Абай «Ғылым таппай мақтанба» десе, оның төл шәкірті Шәкәрім Құдайбердіұлы «Ғылымсыз адам – хайуан» деп ашық айтты. Ал осыдан кейін ғылым жолын қумауға қазақ баласының қандай қақысы бар? Жақында Жапонияда жиырма жылдан бері тұрып жатқан Серік Мейірманов сол елдегі Рицумейкан Азия-Тынық мұхиты университетінің (APU) вице-президенті лауазымына тағайындалғанын естідік. Мұндайда бабаларымыз «бәрімізді аспанға атып қуандық» дейді емес пе. Шыны керек, біз де сөйттік. Сөйттікте, Күншығыс еліндегі ғалымға күн құрғатпай құтты болсын айтып, көкейімізде жүрген сауалдарға жауап алдық.

АЛАШ ҚАЛАСЫНАН – ЖАПОН ЕЛІНЕ...

– Серік мырза, жаңа қызметіңізбен құттықтаймыз! Сізді Семейде дәрігер қызметін атқарып жүрген кезіңізде, сонда зерттеумен келген жапондық ғалымдар әлеуетіңізді байқап, докторантураға шақырған екен. Сол сәтті қайта бір еске алсақ, Жапонияға қалай бардыңыз?

– Көп рахмет. Иә, ол кезді әсте ұмытпайтын шығармын. Ол шақта Семей облыстық ауруханасында жас хирург болып жұмыс істеп, өңірдің денсаулық сақтау мәселелерімен жіті айналысып жүрген едім. Сіз айтып отырған мүмкіндік күтпеген жерден болды. Жапондық ғалымдар Семей өңіріндегі радиацияның ұзақмерзімді әсерлерін зерттеумен айналысып, Семей медициналық университетінде ғылыми жұмыстар жүргізген. Ағылшын тілін білетіндігім септігін тигізген болар, олармен ғылыми жақтан

өзгертті. Жапониядағы ғылыми зерттеулерден алған білімім мен тәжірибемді елімнің денсаулық сақтау саласына пайдасы тисін деген мақсатпен қабылдадым.

– Жапонияда PhD дәрежесін қорғау жағы қалай болды? Ғылыми диссертацияңызды қандай тақырыпта жаздыңыз?

– Иә, Жапонияда PhD дәрежесін қорғау өте жауапты. Мағана академиялық әрі мәдени тұрғыдан көп қиындық кездесті. Алғашқы қиындықтың бірі – тіл кедергісі. Оны еңсеру үшін күн сайын 100 жапон сөзін жаттауға тура келді. Зерттеу ортасындағы талаптар өте жоғары еді: әдістеме, талдау және жаңашылдық деңгейі ерекше қатаң бақылауда болды. Түн ортасына дейін зертханада жұмыс істеген күндерімді де ешқашан ұмытпаспын. Сонымен қатар академиялық мәдениетке бейімделу, яғни жапондық университеттердегі сенпай-кохай (үлкен-кіші) қарым-қатынас жүйесін меңгеру де оңай соққан жоқ. Ғылыми топтағы мінез-құлық нормалары, аға студенттерден қалай кеңес алу керектігі, топтық жұмыстардағы өзара әрекеттесу ережелері – осының бәрін оқу үдерісінен тыс меңгеру қажет еді. Бірақ осы қиындықтың барлығы үлкен тәжірибе әкелді. Диссертациям отандық ғалымдармен бірлескен жоба аясында жазылды. Тақырып атауы – «Қалқанша және сүт безі қатерлі ісігінің жасушалық механизмдері және олардың радиация әсерімен байланысы». Аталған зерттеу аясында еліміздегі онкологиялық жағдайды терең зерделеп, Жапониядағы озық зерттеу әдістерін пайдалану мүмкіндігіне ие болдым. Қиын болғанымен, бұл тәжірибе көп мүмкіндікке жол ашты. Себебі осы арқылы ғылыми зерттеулерге жаһандық көзқараспен қарауды үйрендім.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БІЛІМНЕН КӨП ПАЙДА КӨРДІМ

– Қазақста «Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы» деген сөз бар. Ғылым жолындағы ұстазыңыз кімдер? Олардан сіз не үйрене алдыңыз?

– Сіз осыдан бұрын аталған университетте декан міндетін атқарысыз. Жапония университеттерінде жоғары лауазымдарға немесе атқарушы қызметтерге, мысалы, декандыққа үміткерлер арасында бәсекелестік күшті ме? Мұндай лауазымға қойылатын негізгі талап қандай?

– Иә, Жапония университеттерінде, соның ішінде декан немесе вице-президент сияқты жоғары басшылық лауазымдарға ие болу – бәсеке тілалап етеді. Бірақ атқарушы қызметтерге үміткерлерді бағалау тек ғылыми жетістіктермен шектелмейді. Әсіресе мен жұмыс істеген Рицумейкан Азия-Тынық мұхиты университеті (APU) сияқты ерекше көп мәдениетті ортада қосымша факторлар үлкен рөл атқарады.

APU-дың студенттері мен

ғылым саласындағы көшбасшылық пен жауапкершіліктің маңызын терең түсінуге көмектесті. Осындай ұстаздардан ашық қарым-қатынастың, өзіңе биік мақсат қоюдың маңызын үйрендім. Әсіресе профессор Ақанов төзімділікті ерекше бағалайтын. Ол кез келген қиындықты сәтсіздік деп емес, керісінше, баға жетпес тәжірибе ретінде қабылдауға баулыды. Сонымен қатар ол бірлескен жұмыстың құндылығын, алған білім мен халықаралық байланыстарды елдің игілігі үшін пайдаланудың маңызын дәріптейтін. Бүгінгі күні осы екі үлкен ұстаздан алған қағидаларды ұстанамын: күншығыста игерген ғылыми дәлдік пен тәртіп, сондай-ақ елімізде бойға сіңірген көшбасшылық, төзімділік пен ынтымақтастыққа деген ұмтылыс кәсіби жолымды қалыптастыруда басты бағдаршам болды.

– Кейін сіз Рицумейкан Азия-Тынық мұхиты университетіне (APU) ауысып, ғылыми және педагогикалық қызметпен айналысыпсыз. Бұл идея қайдан келді?

– Докторантурадан кейінгі зерттеуімді аяқтап, қосымша тәжірибе жинаған соң, қызығушылығым кеңейе түсті. Негізгі ғылыми зерттеулер жүргізумен қатар әлеуметтік денсаулық сақтау (Public Health) және білім салалары ерекше қызықтырды. Бұл бағыттарда медицина (MD) және ғылыми (PhD) білімім маңызды рөл атқара алатынын түсіндім. Осы білім мен тәжірибе арқылы болашақ мамандарды даярлауға, қоғам мен денсаулық сақтау саласындағы өзекті мәселелерді шешуге үлес қосу үлкен мақсатқа айналды. Дәл сол кезеңде APU-да Әлеуметтік денсаулық сақтау менеджменті (Public Health Management) бойынша жаңа магистрлік бағдарламаға оқытушы іздеп жатыр екен. Рицумейкан Азия-Тынық мұхиты университеті әлі қалыптасу кезеңінде болса да, оның басты миссиясы – жаһандық көшбасшыларды даярлау, аймақтың мәдениеті мен өзекті мәселелеріне басымдық беру еді. Бұл идея мені ерекше қызықтырды, өйткені өзім де халықаралық білімнен көп пайда көрген адаммын. Бұл қызмет менің ғылыми қызығушылығым мен тәжірибемнің тоғысқан нүктесі деп шештім. APU-дағы бұл орынға үміткерлер көп болды, себебі университеттің динамикалық және халықаралық ортасы көптеген талантты ғалымдарды қызықтырды. Сондықтан бұл мүмкіндікті шын мәнінде жоғары бағаладым. APU-ға ауысу халықаралық тәжірибем мен ғылыми негізді білім саласында пайдалануға мүмкіндік берді.

– Сіз ұзақ уақыт шетелде тұрсаңыз да, еліміздің ғылыми қауымдастығымен байланысыңызды үзбей келесіз. Біздің ел ғылыми дамыған мемлекетке айналу үшін қандай қадам жасауы керек?

– Бұл арада еліміздің Ғылым және жоғары білім министрлігі жүргізіп отырған маңызды жұмыстарды атап өткен жөн. Олар ғылыми зерттеулер мен жоғары білімді дамыту бағытында бірқатар ауқымды бастаманы қолға алып жатыр. Оның ішінде келесілерін ерекше атап өтуге болады. Қаржыландыруды арттыру және тұрақты ұстау – Ғылыми зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға арналған ұзақмерзімді, тұрақты қаржыландыру көлемін мемлекеттік және жеке секторлар арқылы айтарлықтай ұлғайту.

Ғалымдарды қолдау, оларға бәсекеге қабілетті жағдай жасау, сапалы PhD және постдокторантура бағдарламаларына инвестиция құю, сондай-ақ «мидың айналымы» (brain circulation) ынталандыру арқылы таланттарды дамыту және елде тұрақтандыру да өте маңызды. Ал инфрақұрылымды жаңғырту – озық зертханаларға, заманауи жабдықтарға, халықаралық ғылыми дерекқорлар мен журналдарға қолжетімділікті кеңінен қамтамасыз етудің жөні өз алдына. Ғылымды интернационализациялау – еліміздің әлемдік ғылыми желілерге терең интеграциялануын күшейту және стратегиялық халықаралық әріптестіктерді дамытуға да баса назар аударылғаны абзал. Бұл қадамдар өте маңызды. Алайда ғылыми дамыған елге айналу үшін жүйелі, стратегиялық қадамдар қажет. Әлемдік тәжірибені ескере отырып, еліміз ғылыми әлеуетін одан әрі нығайту үшін осы бағыттарға ерекше назар аударуы керек.

– Қазақтың бұл нақылы өте терең мағынаға ие деп ойлаймын. Жапонияда докторантурада оқып жүргенімде, ғылыми жетекші профессор Масахиро Накашима ғылыми зерттеулердің дәлдігі мен әдістемелік қатаңдығының маңызын үйретті. Ол PhD жұмысым үшін аса қажет болған ғылыми тәртіп пен жүйелілікті бойыма сіңірді. Елімізде ерекше құрмет тұтатын тұлғаның бірі – профессор Айқан Ақанов. Ол маған медицина және



МЕН ҮШІН ЕРЕКШЕ ОҚИҒА

– Жапондық ірі университетте вице-президент болып тағайындалуыңыз бәріміздің мерейімізді өсірді. Осыны сізге хабарлағанда қандай күй кештіңіз?

– APU университетінің академиялық істер жөніндегі басшысы ретінде жоғары қызметке тағайындалғаным туралы жаңалықты естіген сәт мен үшін де ерекше жағдай болды. Ең алдымен, университет басшылығы мен қауымдастығының маған артық сеніміне сүйінішпен қарадым. Сонымен қатар зор жауапкершілік жүктеліп отырғанын сезіндім. Бұл жауапкершілік студенттер, оқытушылар, университеттің миссиясы мен осы лауазымнан күтілетін жоғары стандарттарды сақтау міндетімен байланысты екені анық. Ең маңыздысы, жапондық жоғары білім жүйесінде басшылық қызметке тағайындалған қазақ ретінде бұл оқиғаның белгілі бір рәміздік мәнге ие екенін түсінемін. Аталған жағдай жаһандық академиялық кеңістікте еңбекқорлық, кәсібилік және адалдықты ешқашан шет-шекара болмайды деген танымды растағандай болды. Бұл жеке мақтанш сезімі ғана емес, сонымен бірге Қазақстанды осындай дәрежеде таныту және басқаларға жігер беру мүмкіндігі деп ойлаған дұрыс.

– Жапон және қазақ ғалымдары арасындағы байланысты нығайту үшін қандай жоба жүзеге асуы керек? Осыған сіз ғалым ретінде қандай үлес қоса аласыз?

– Шын мәнінде, Қазақстан мен Жапония ғалымдары арасындағы ынтымақтастық белгілі деңгейде қалыптасқан. Жалпы, жапон жұртынан үйренеріміз көп. Бұған нақты мысал да бар. Мысалы, инженерия немесе материалтану салаларында. Жеке ғылыми байланыстарды нығайтуға аз да болса үлес қосып келеміз. Соңғы жылдары ондаған отандық медицина саласының студенттері мен зерттеушілері Жапонияға келіп білім алуына және тәжірибеден өтуіне атсалыстым. Сонымен қатар жапондық ғалымдар, оқытушылар және университет басшыларын Қазақстанға барып, ынтымақтастықты дамытуға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыруға көмектестім. Алдағы уақытта екі елдің арасындағы ғылыми байланысты жүйелі дамытуға атсалыса беремін.

Әңгімелескен –
Дүйсенәлі ӘЛИМАҚЫН,
«Egemen Qazaqstan»



қарым-қатынас орнатудың сәті түсті. Нагасаки медициналық мектебіне докторантураға шақырту алғаным үлкен әрі күтпеген оқиға болды. Бұл шақырту менің еңбегімнің мойындалуы ғана емес, сонымен қатар Семей өңіріндегі денсаулық сақтау мәселесінің маңызын көрсетті. Әрине, қуанышпен қатар үлкен жауапкершілік те сезілді. Бұл мүмкіндік – кәсіби бағытымды ғана емес, жалпы өмірге деген көзқарасымды да түбегейлі

ҚР Президенті жанындағы Ұлттық ғылым академиясы Мемлекет басшысының Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысында айтқан тапсырмаларын іске асыру мақсатында Ресей Ғылым академиясымен (РФА, Ресей) және жетекші ғылыми-зерттеу институттарымен бірлесіп Агроөнеркәсіп кешенінде Қазақстан-Ресей озық технологиялар орталығын ресми түрде ашты, – деп хабарлайды Aikyn.kz.

Озық технологиялар орталығы жетекші ресейлік және қазақстандық ғылыми-зерттеу институттарымен тығыз ынтымақтастықта жұмыс істейтін болады және тәжірибе алмасу, инновациялық шешімдер әзірлеу және ауыл шаруашылығына жоғары

технологиялық тәсілдерді енгізу үшін платформа қамтамасыз етеді.

Агроөнеркәсіп кешенінде Қазақстан-Ресей озық технологиялар орталығының басты мақсаттары: Ауыл шаруашылығы дақылдарының геномдық селекциясы саласындағы бірлескен ғылыми зерттеулер мен жобаларды дамыту; өнімділігі жоғары және климаттың өзгеруіне және ауруларға төзімді жаңа сорттар жасау; сорт сынақтарын жүргізу, генетикалық модификацияның озық әдістерін әзірлеу және енгізу, сондай-ақ тұрақты және экологиялық таза өнімдер жасау үшін биотехнологияларды пайдалану. Ауыл шаруашылығының

тиімділігін арттыру үшін инновациялық технологияларды енгізу мақсатында агроөнеркәсіптік кешенде цифрлық технологияларды дамыту, оның ішінде мониторинг жүйелерін, процестерді автоматтандыруды және оңтайлы шешімдер қабылдау үшін үлкен деректерді талдауды пайдалану. Экологиялық қауіпсіздікті және ауыл шаруашылығы өндірісінің тұрақтылығын арттыру үшін көміртекті, көміртекті сақтайтын егіншілік технологиясын қоса алғанда, тұрақты агротехнологияларды дамыту және енгізу, оның ішінде топыраққа минималды әсер ету және су мен энергетикалық ресурстарды тиімді пайдалану әдістері.

Агроөнеркәсіп кешенінде Қазақстан-Ресей озық технологиялар орталығы ашылды

МЕМЛЕКЕТТІК САЛА – ГОСУДАРСТВЕННАЯ СФЕРА

Развитие регионов, единство и модернизация

За Строкой Курьлтае

14 марта 2025 года Бурабай стал площадкой IV заседания Национального курултая.

Символично то, что здесь в XVIII веке находилась ставка казахского хана Абылая. Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев выступил с важным обращением, подчеркнув необходимость активного социального развития регионов страны, единства казахстанского общества и модернизации всех сфер жизни.

В своем выступлении Президент затронул все ключевые предложения членов Национального курултая озвученные за два дня. Тем самым показав, значимость и ценность предложений идущих от представителей народа участников курултая, продемонстрировав ещё раз свою приверженность идее «Слышащего государства»

Выступление носило программный характер. Одной из центральных тем выступления стало социально-экономическое развитие, создание новых точек роста регионов и устранение дисбаланса в региональном развитии.

По словам К.Ж. Токаева, планируется увеличить финансирование реального

сектора экономики почти в два раза, до 8 триллионов тенге.

Президент также сообщил о запущенных крупных инфраструктурных проектах, которые ускорят транспортную связанность регионов и создадут рабочие места. Среди них – строительство магистральной дороги от Астаны через Аркалык, Тургай и Иргиз с прямым выходом к Транскаспийскому международному транспортному коридору. Таким образом, сократится путь между центральными и западными регионами на 560 километров.

Эти инициативы могут стать важным стимулом для местных предпринимателей, сельхозпроизводителей районов, таких как наш Буландынский и город Макинск в поставке своей продукции в этот регион.

Важным аспектом регионального развития становится повышение роли местного самоуправления. Президент напомнил, что уже сейчас в пилотном режиме избраны 45 глав районов и городов областного значения. С этого года все районные акимы будут избираться гражданами. Депутатский корпус обновился за счёт одномандатных округов. Такие шаги способствуют усилению связи между населением

и властью, а также повышению ответственности местных органов управления.

Национальный курултай был отмечен Президентом как ключевой институт народного представительства и национального единства. За годы своего существования курултай стал площадкой для обсуждения важных социальных, экономических и культурных вопросов. В его работе принимают участие авторитетные представители всех регионов и социальных групп, что позволяет учитывать мнения разных слоёв населения.

Президент заявил о необходимости укрепления общественной сплочённости, отметив, что без единства и солидарности невозможно проведение успешных реформ. Он указал на важность противодействия, любым формам экстремизма, призывав общество к толерантности и взаимному уважению.

Особое внимание уделено поддержке сельского здравоохранения и образования. До конца года запланировано строительство 188 новых медицинских объектов, преимущественно в отдалённых населённых пунктах. Кроме того, Токаев поручил до конца года разра-

ботать новый закон о поддержке детей с особыми потребностями, подчеркнув важность инклюзивного образования.

К. Ж. Токаев акцентировал внимание, на задаче тотальной цифровизации и повсеместного внедрения искусственного интеллекта. Применение искусственного интеллекта кардинально повысит эффективность во многих отраслях экономики, процессы взаимодействия граждан и государства. Процесс использования искусственного интеллекта активно внедряется в школах нашего района. Это вопрос был одним из главных на августовском совещании учителей и кустовых педагогических семинаров в январе, феврале этого года на площадках, которой учителя обменивались опытом применения ИИ в подготовке уроков и использовании на уроках.

В своём выступлении Президент отметил, что в рамках национального проекта «Комфортная школа» в нашей Ақмолинской области открылись школы на 12 тысяч ученических мест, и область первой завершила ввод всех запланированных учебных заведений.

Хотелось бы отметить, что в рамках других проектов происходит обновление материально-технической базы,

проводится капитальный ремонт в школах нашего района, в результате которых школы становятся более комфортабельными и технологичными для обучающихся.

Кроме того, президент обратил внимание на развитие массового спорта и здорового образа жизни среди молодёжи. Он предложил привлекать бизнес к развитию спортивной инфраструктуры и приватизации спортивных клубов, что позволит отвлечь молодёжь от негативных влияний и направить их энергию на созидательные цели.

Таким образом, выступление Президента на IV заседании Национального курултая в Бурабее обозначил приоритетные направления – цифровизация и искусственный интеллект, энергетика, агропромышленный сектор, человеческий капитал. Реализация этих планов станет фактором устойчивого прогресса Казахстана в новом мире.

Для жителей Буландынского района и города Макинска эти инициативы реальные возможности для улучшения качества жизни и активного участия в обновлении страны.

А. БАЙМУЛДИН, учитель истории школы-гимназии г. Макинска.

Мемлекеттік қызметшінің әдебі оның кәсібилігінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады

Қазіргі мемлекеттік билік институттарына деген сенім деңгейі мәселесінің өзектілігі барған сайын артып келе жатқан қоғам жағдайында мемлекеттік қызметшілердің әдебі бүкіл мемлекеттік қызметтің тиімді және әділ жұмыс істеуін қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады. Бұл мәселенің маңызы жоғары, өйткені мемлекеттік аппарат жұмысының сапасы ғана емес, сонымен қатар азаматтардың мемлекеттік аппаратқа деген сенім деңгейі де мемлекеттік қызметшінің кәсібилігі мен адалдығына байланысты.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексіне сәйкес мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебі адал ниеттілік, адалдық, әділдік, ашықтық, сыйайлылық, клиентке бағдарлану қағидаттарына негізделеді және бұл қағидаттар олардың кәсібилігі деңгейін қалыптастыру және сақтау үшін қажет.

Мемлекеттік қызметшінің кәсібилігі-бұл білім мен дағдылар жиынтығы ғана емес, сонымен қатар жоғары моральдық және этикалық стандарттарға сәйкес жұмыс істей білу. Ол тек заңдар мен ережелерді білуді ғана емес, сонымен бірге бұл білімді іс жүзінде тиімді қолдана білу, негізделген және әділ шешімдер қабылдау, өзгерістерге бейімделу, өз дағдыларын дамыту, жұмыста жаңа тәсілдерді үйрену, мемлекет пен қоғамның мүддесі үшін жұмыс істеуге дайын болу сияқты қабілеттерді қамтиды.

Мемлекеттік қызметтегі әдеп осы ұғыммен тығыз байланысты. Мемлекеттік қызметшінің кәсібилігін азаматтармен, әріптестермен және жалпы қоғаммен мінез-құлық және өзара іс-қимыл ережелерін белгілейтін қызметтік әдеп нормаларын сақтамай елестету мүмкін емес.Бұл ретте мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілік деңгейі жоғары болуы тиіс. Әрбір мемлекеттік қызметші қабылданатын шешімдер үшін өз жауапкершілігін сезінуі тиіс. Бұл заң алдындағы жауапкершілік қана емес, қоғам алдындағы жауапкершілік. Қызметші азаматтардың мүддесі үшін жұмыс істеуге, бейтарап және риясыз болуға, алдын ала болжамсыз және кемсітуші шешім қабылдауға, мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыруға, сыбайлас жемқорлықпен күресуге, барлығының заң алдындағы теңдігін қамтамасыз етуге, өз білімін үнемі жетілдіруге және өз міндеттерін тиімді және әділ орындау үшін заңнамадағы өзгерістерге дайын болуға міндетті.

Мемлекеттік қызметші өз қызметінде ашық болуға, өзінің іс-әрекеттері мен шешімдері туралы ақпарат беруге дайын болуға тиіс. Ашықтық азаматтардың мемлекеттік институттарға деген сенімін нығайтуға және шешімдердің жасырын мүдделер емес, объективті және сенімді деректер негізінде қабылданатынына көз жеткізуге мүмкіндік береді. Ашықтық сыбайлас жемқорлық схемалары мен манипуляциялардың алдын алуға ықпал етеді.

Мемлекеттік қызметшілердің аталған талаптарды мүлтіксіз сақтауын қамтамасыз ету үшін ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақмола облысы бойынша департаменті Әдеп кодексінің нормаларын сақтау саласындағы бақылауды ғана емес, сонымен қатар ақпараттық-түсіндіру, профилактикалық сипаттағы іс-шараларды

ұйымдастыруды қамтитын мақсатты кешенді жұмыс жүргізуде. 2024 жылы 90, ал ағымдағы жылдың өткен кезеңінде 6 іс-шара ұйымдастырылды, оның ішінде брифингтер, кездесулер, семинарлар, отырыстар және басқалар.

Сонымен қатар, алдын-алу шаралары заңдылықты қамтамасыз етудің жалғыз құралы емес. Бұл тұрғыда талдауларды, тексеру іс-шараларын және мониторингті қамтитын бақылау шараларының ерекше рөлін атап өтуге болмайды. Жүйелі талдау ықтимал тәуекелдер мен проблемаларды неғұрлым ауыр құқық бұзушылықтарға айналғанға дейін анықтауға көмектеседі.Мысалы, Департамент 2024 жылдың қорытындысы бойынша мемлекеттік органдардың тәртіптік тәжірибесіне талдау жүргізіп, оның барысында қолданыстағы заңнаманы бұзудың бірқатар фактілерін анықтады. Атап айтқанда, уәкілетті тұлғалар мемлекеттік қызметшілерге қызметтік тергеу жүргізбестен, қызметшінің келісімінсіз, тіпті жекелеген жағдайларда акт шығарылғанға дейін жазбаша түсініктеме талап етпестен түрлі жаза шараларын қолданған.Сондай-ақ, жаза қолдану мерзімдерінің өтуіне қарамастан, қызметшілерді тәртіптік жауапкершілікке тарту фактілері орын алуда. Мұндай фактілер жаза қолдану тәртібі мен қызметшінің кепілдендірілген құқықтарының өрескел бұзылғанын көрсетіп отыр.

Сондай-ақ, Департамент орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің және жергілікті атқарушы органдардың қызметтік автокөлікті жеке мақсатта пайдалануға тыйым салуға байланысты шектеулерді сақтау жөніндегі қызметіне талдау жүргізді. Талдау шеңберінде Департаментпен қызметтік автокөлікті қызметтік емес мақсаттарда пайдаланудың 21 фактісі анықталды.

Сонымен қатар, Департамент Ақмола облысы полиция департаментінің жол-патрульдік қызметімен бірлесіп, демалыс күндері қызметтік автокөлікті жеке мақсатта пайдалану фактілерін анықтау бойынша рейдтік іс-шаралар өткізді.

Талдау қорытындысы бойынша 13 адам тәртіптік жауапкершілікке тартылды, оның ішінде қызметтік автокөлікті жеке мақсатта пайдаланғаны үшін 9 адам, тиісті бақылаудың жоқтығы үшін 2 мемлекеттік органдардың басшысы және іссапар шығыстарын негізсіз төлеумен және іссапарды тиісінше ресімдемеумен байланысты өзге де бұзушылықтар үшін 2 адам жауапкершілікке тартылды.

Мемлекеттік меншіктің сақталуын қамтамасыз ету, мемлекеттік мүлікті тек нысаналы мақсаты бойынша пайдалану әрбір қызметшінің тікелей міндеті болып табылады. Әдеп кодексіне сәйкес мемлекеттік қызметшілер қызметтік міндеттерін адал орындауға кедергі келтіретін заңсыз қаржылық және мүлктік мүдделерді көздемеуге тиіс. Сондықтан мемлекеттік қызметшінің кәсіби қызметінің негізгі аспектілерінің бірі - заңды мүлтіксіз сақтау болып табылады. Бұл моральдық міндет қана емес, сонымен бірге құқықтық мемлекеттің қалыпты жұмыс істеуінің негізі.

Д. ӘБИЛЕВ, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақмола облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы.

Этика государственного служащего как важнейшая составляющая его профессионализма

В условиях современного общества, где вопросы доверия к институтам государственной власти становятся все более актуальными, этика государственных служащих играет решающую роль в обеспечении эффективного и справедливого функционирования всей государственной службы. Это особенно важно, потому что от профессионализма и честности госслужащего зависит не только качество работы госаппарата, но и уровень доверия граждан к госаппарату.

Согласно Этического кодекса государственных служащих Республики Казахстан служебная этика государственных служащих основывается на принципах добросовестности, честности, справедливости, открытости, вежливости, клиентоориентированности и эти принципы необходимы для поддержания их профессионализма.

Профессионализм государственного служащего - это не только знания и навыки, но и умение работать в соответствии с высокими моральными и этическими стандартами. Он включает в себя не только знание законов и нормативных актов, но и способность эффективно применять эти знания на практике, способность принимать обоснованные и справедливые решения, способность адаптироваться к изменениям, развивать свои навыки, обучаться новым подходам в работе, готовность работать в интересах государства и общества.

Этика государственной службы неразрывно связана с этим понятием. Профессионализм госслужащего невозможно представить без соблюдения норм служебной этики, которые устанавливают правила поведения и взаимодействия с гражданами, коллегами и обществом в целом. При этом госслужащие должны обладать высоким уровнем ответственности. Каждый госслужащий должен осознавать свою ответственность за принимаемые решения. Это не только ответственность перед законом, но и перед обществом. Служащий обязан работать в интересах граждан, быть нейтральным и беспристрастным, принимать решения без предвзятости и дискриминации, повышать качество госуслуг, бороться с коррупцией, обеспечивать равенство всех перед законом, постоянно совершенствовать свои знания и быть готовым к изменениям в законодательстве, чтобы эффективно и справедливо выполнять свои обязанности.

Госслужащий должен быть прозрачным в своей деятельности, готовым предоставлять информацию о своих действиях и решениях. Открытость позволяет укрепить доверие граждан к государственным институтам и убедиться в том, что решения принимаются на основе объективных и достоверных данных, а не скрытых интересов. Прозрачность способствует предотвращению коррупционных схем и манипуляций.

Для обеспечения неукоснительного соблюдения государственным служащим указанных требований Департаментом Агентства РК по делам государственной службы по Ақмолинской области проводится целенаправленная комплексная работа, которая включает не только контроль в сфере соблюдения норм Этического кодекса, но и организацию мероприятий информационно-разъяснительного, профилактического характера. В 2024

году организовано 90, а за истекший период текущего года 6 мероприятий, в том числе брифинг, встречи, семинары, заседания и другие.

При этом профилактические меры – это не единственный инструмент обеспечения законности. В данном контексте нельзя не отметить особую роль контрольных мер, которые включают анализы, проверочные мероприятия и мониторинг. Систематический анализ помогает выявить потенциальные риски и проблемы до того, как они перерастут в более серьезные правонарушения. К примеру, Департаментом проведен анализ дисциплинарной практики государственных органов по итогам 2024 года, в ходе которого установлены различные нарушения действующего законодательства, а именно, уполномоченные лица налагали на государственных служащих взыскания без проведения служебного расследования при отсутствии согласия служащего, в отдельных случаях и вовсе перед изданием акта не истребовали письменное объяснение. Также имеют место факты привлечения служащих к дисциплинарной ответственности несмотря на истечение сроков наложения взыскания. Подобные факты свидетельствуют о грубом нарушении порядка наложения взыскания и гарантированных прав служащего.

Также Департаментом проведен анализ деятельности территориальных подразделений центральных государственных органов и местных исполнительных органов по соблюдению ограничения, связанного с запретом использования служебного автотранспорта в личных целях. В рамках анализа Департаментом установлен 21 факт использования служебного автотранспорта в неслужебных целях.

Кроме того, Департаментом совместно с дорожно-патрульной службой Департамента полиции Ақмолинской области проведены рейдовые мероприятия по выявлению фактов использования служебного автотранспорта в личных целях в выходные дни.

По итогам анализа к дисциплинарной ответственности привлечено 13 лиц, из которых за использование служебного автотранспорта в личных целях 9 лиц, за отсутствие должного контроля 2 руководителя государственных органов и 2 за иные нарушения связанные с необоснованными выплатами командировочных расходов и ненадлежащим оформлением командировки.

Обеспечивать сохранность государственной собственности, использовать государственное имущество только по целевому назначению является прямой обязанностью каждого служащего. Согласно Этическому кодексу, госслужащие не должны преследовать неправомерные финансовые и имущественные интересы, препятствующие добросовестному выполнению служебных обязанностей. Поэтому одним из ключевых аспектов профессиональной деятельности госслужащего - является неукоснительное соблюдение закона. Это не только моральная обязанность, но и основа функционирования правового государства.

Д. АБИЛЕВ, руководитель Департамента Агентства РК по делам государственной службы по Ақмолинской области, председатель Совета по этике.

ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА – К СВЕДЕНИЮ ЧИТАТЕЛЕЙ

Жануарлардағы құтыру

Құтыру-бұл барлық сүтқоректілер мен адамдарға әсер ететін ерекше қауіпті зооантропонозды (жануардан адамға берілетін) ауру. Ол неврологиялық бұзылулар түрінде жүреді (судан қорқы, фотофобия, адам мен басқа жануарлардан қорқудың болмауы, паралич, құрысулар). Бұл ауру ежелгі заманнан бері белгілі. Жазбаша дереккөздерде құтыру туралы алғашқы ескерту 1026 жылдан басталады.

Құтыру *Lyssavirus* вирусынан (грек. Лусса - құтыру). Вирус тұрақсыз, күн сәулесі мен жоғары температураның әсерінен оңай жойылады, бірақ төмен температурада ұзақ уақыт сақталады. Демек, қоршаған ортаның қалыпты жағдайында ол тасымалдаушы жануардан тыс уақытта қауіпті болып қалмайды.

Табиғаттағы аурудың негізгі резервуары болып табылатын түлкілер көбінесе құтырумен ауырады, бірақ иттер, мысықтар, Ракон иттер және басқа да жылы қанды жануарлар да ауырады.

Құтыру вирусы ауру жануарлардың сілекейімен шығарылады және негізінен шағу немесе сілекей шырышты қабаттарға немесе жараларға (жалау, жөтелу, түшкіру) енген кезде беріледі.

Инкубациялық кезең

Вирус ағзаға енген сәттен бастап аурудың белгілері пайда болғанға дейінгі уақыт орташа есеппен 9-дан 51 күнге дейін, бірақ айтарлықтай ұзаққа созылмауы мүмкін. Денеге енген кезде вирус бұлшықет жасушаларында шағу орындарында көбейе бастайды, содан кейін жүйке талшықтары арқылы орталық жүйке жүйесіне (ми мен жұлын) жетіп, қабынуды тудырады. Вирустың сілекеймен жануарда аурудың алғашқы белгілері пайда болғанға дейін бірнеше күн бұрын бөлінуі мүмкін екенін білу маңызды.

Құтыру инфекциясының белгілері

Инфекциядан кейін бастапқы кезеңде дене температурасы көтерілуі мүмкін, оқушылар кеңейді. Бірте-бірте жануардың қозуы күшейеді, тітіркену, фотофобия, діріл, қозғалыс үйлестіруінің бұзылуы пайда болады. Кейбір жағдайларда диарея бар.

Ауру дамыған сайын жануардың агрессивті мінез-құлқы пайда болуы мүмкін, ол басқа жануарлар мен адамдарды лақтырып, тістей алады. Немесе, керісінше, көптеген жабайы жануарлар (әсіресе түлкілер) адамдардан қорқуды жоғалтады, олар көбінесе елді мекендерге жақындайды, мейірімді болады, жалауға тырысады.

Әрі қарай, аурудың дамуымен паралич, оның ішінде жақтар, құрысулар пайда болады, бұл жануардың өліміне әкеледі.

Қандай да бір сұрақ болса ҚР АШМ ВБЖҚ Бұланды ААИ- на 2-15-09 телефоны, не болмаса Яглински к., 42 үй мекен-жайына келіп толық ақпарат алуларыңызға болады.

Бешенство у животных

